Аннотация.Статья посвящена практике применения мультимедийного пособия в преподавании казахского языка как иностранного. Предлагается его использование при обучении турецких студентов казахскому языку на начальном этапе. Внедрение в учебный процесс инновационно-компьютерных технологий, способствует повышению качества преподавания языка как иностранного и активизации роли самостоятельной работы студентов. Описываются дальнейшие перспективы разработки проблем связанных с обучением иностранных граждан, в частности турецких студентов СДУ казахскому языку на начальном этапе.

Тірек сөздер: қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту, электрондық оқыту құралдары, оқытудың инновациялық әдісі.

Инновации как теоретически обоснованные, целенаправленные и практико-ориентированные новшества неизбежны: они порождены изменениями в обществе и логикой развития научно-технической революции.

Технический прогресс существенным образом влияет на все стороны современной жизни. Сегодня компьютер является одним из технических устройств, активно проникающим во все области человеческой деятельности. Практически любая компьютерная программа является мультимедийной. Она способна воспринимать, воспроизводить и перерабатывать информацию самой разнообразной природы. Все это приводит к тому, что современные информационные технологии находят все более широкое применение в образовании, качественно изменяют его как в плане новых форм обучения, так и новых видов достижения цели.

Внедрение в учебный процесс ИКТ – инновационно-компьютерных технологий, способствует повышению качества преподавания языка как иностранного и активизации роли самостоятельной работы студентов.

Основными инновационными технологиями в преподавании языка как иностранного являются:

- информационные технологии, позволяющие увеличить эффективность преподавания (технологии, основанные на использование компьютеров, компьютерные обучающие и

контролирующие программы);

- информационные методы преподавания, способствующие повышению качества образования;

- инновационные формы активации познавательной деятельности студентов.

Современные информационные технологии существенно расширяют диапазон возможностей для изучения и преподавания языка как иностранного, и это связано с тем, что:

- использование мультимедийных средств делает возможной эффективную презентацию материала;

- интерактивные учебные задания и обучающие программы позволяют работать над развитием навыков во всех видах речевой деятельности;

- доступ к огромному количеству электронных ресурсов позволяет объединить текстовые, аудио и видеоматериалы и способствует формированию лингвокультурной и лингвострановедческой компетенции иностранных студентов;

- дистанционный доступ к учебным ресурсам позволяет сделать более гибкой и мобильной организацию обучения, значительно индивидуализировать обучение, увеличить объем самостоятельной и творческой работы студентов, усилить роль преподавателя как консультанта и координатора учебного процесса.

Все чаще образование рассматривается как технологический процесс, а всякая технология нуждается в постоянном обновлении. В таком контексте использование, например, компьютера и современных информационных технологий при обучении языку при обучении,

Одним из инновационных методов обучения турецких студентов казахскому как иностранному является мультимедийное учебное пособие «Казахский язык (начальный уровень)» разработанный на базе Университета имени Сулеймана Демиреля, предназначенного для формирования коммуникативной компетенции и фонетических, лексических и грамматических навыков турецких студентов.

Приведем некоторые снимки экранов страниц мультимедийного учебного пособия.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *ТАНЫСУ*
 ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: *Қазақ әліпбиі, дауысты, дауыссыз дыбыстар*

Қазақ әліпбиі



А а [a]	Ә ә [ä]	Б б [b]	В в [v]	Г г [g]	Ғ ғ [ɢ]	Д д [d]	Е е [je]	Ё ё [jo]
Ж ж [ʒ]	З з [z]	И и [ɨ/ɨʲ]	Й й [j]	К к [k]	Қ қ [q]	Л л [l]	М м [m]	Н н [n]
Ң ң [ŋ]	О о [o]	Ө ө [ø]	П п [p]	Р р [r]	С с [s]	Т т [t]	Ұ ұ [u]	Ү ү [ü]
У у [u]	Ф ф [f]	Х х [x]	Б б [b]	Ц ц [ts]	Ч ч [tʃ]	Ш ш [ʃ]	Щ щ [ʃʃ]	Ъ ъ [ayırı belgisi]
Ь ь [ɨmşkelik belgisi]	Ы ы [ɨ]	І і [i]	Э э [e]	Ю ю [ju]	Я я [ja]			

Төмендегі сөздерді диалогқа қарай сәйкестендіріңіз.

1. <input type="checkbox"/> Қалайсың?	а Керіскенше!
2. <input type="checkbox"/> Сенің атың кім?	б Рақмет. Жақсымын.
3. <input type="checkbox"/> Танысқанымға қуаныштымын.	с Менің атым - Айша.
4. <input type="checkbox"/> Сау бол!	д Мен де қуаныштымын.

Төмендегі тест сұрақтарына оқыған диалогтарыңызға қарай жауап беріңіз.

1) A: A: Рақмет, жақсымын. <input type="radio"/> А) Қалайсың? <input type="radio"/> В) Атың кім? <input type="radio"/> С) Сәлем!	2) A: Атыңыз кім? A: <input type="radio"/> А) Рақмет. <input type="radio"/> В) Атым - Айша. <input type="radio"/> С) Сәлеметсіз бе?
3) A: Атым - Айбол. A: <input type="radio"/> А) Қалайсың? <input type="radio"/> В) Менің атым Айша. <input type="radio"/> С) Рақмет. Жақсымын.	4) A: Танысқанымға қуаныштымын. A: <input type="radio"/> А) Рақмет. <input type="radio"/> В) Сау бол! <input type="radio"/> С) Мен де.




Мультимедийное учебное пособие состоит из 15-ти лексико-грамматических тем.

Отбор лексики для данного электронного пособия произведен с учетом ее тематической организации. При практической направленности обучения принцип функциональности рассматривается в качестве ведущего. Соответствуя этому условию, лексика группируется вокруг пятнадцати тем общения, актуальных для иностранного контингента учащихся: «Танысу», «Бұл не? Ол кім?», «Өзім туралы», «Менің отбасым», «Менің үйім», «Уақыт», «Дүкенде», «Ауа-райы», «Менің елім», «Қазақша сөйлеймін», «Біздің университет», «Менің сүйікті ісім», «Менің мамандығым», «Ауруханада», «Мен хат жаза аламын». Автор предлагает основные способы решения задач повседневного общения, установления и поддержания контактов с другими людьми. В ней представлены речевые клише, используемые при знакомстве, приветствии-прощании, извинении, поздравлении, выражении благодарности, просьбы, пожелания, согласия или несогласия. Все они представлены в образцовом звучании диктора. Неоднократно нажимая на нужную фразу, учащиеся могут прослушивать ее необходимое количество раз, пока произношение и содержание не будут прочно закреплены в памяти. Она, несомненно, способствует развитию коммуникативной культуры иностранных учащихся, практическому

овладению казахским языком. Сам процесс обучения становится интересным и ярким за счет визуализации учебного материала, делая его более понятным и достигаемым для учащихся.



На первом занятии преподаватель знакомит студентов-иностранцев с алфавитом казахского языка. Алфавит представлен с картинками-иллюстрациями, озвучиванием.



Преподаватели казахского языка как иностранного хорошо знают, насколько трудна работа по постановке звуков в иностранной группе. Поэтому весьма ценным представляется озвучивание каждой буквы диктором. На начальном этапе обучения казахскому языку большую роль играет наглядность. Данная программа способствует более полной реализации этого важного дидактического принципа, делает преподавание интереснее, эмоциональнее. Конкретная буква сопровождается набором слов, с соответствующими им яркими, красочными и веселыми картинками. При нажатии на слово, высвечивается интересующий нас рисунок. Это помогает учащимся научиться связывать слова с предметами и явлениями, которые они обозначают, правильно их произносить. Ведь слова звучат в эталонном дикторском произношении. Благодаря этой учебной компьютерной программе учащиеся узнают около 1000 казахских слов.

Это мультимедийное учебное пособие результат двухлетней плодотворной работы с турецкими студентами. В частности, начиная с этого учебного года, в первом семестре (именно на этот этап обучения ориентированы фонетика, лексика и грамматика предполагаемого комплекса) в

группах подготовительного отделения мы начали использовать этот мультимедийный комплекс.

Поиск оптимальных средств, способных повысить языковую компетенцию студентов-иностранцев, является одной из приоритетных проблем в совершенствовании методики обучения иностранцев казахскому языку. Преподаватели не перестают экспериментировать, искать новые формы работы, способы подачи знаний, ведь каждый урок казахского языка для иностранных учащихся – это перекресток культур, это практика межкультурной коммуникации. От качества его организации зависит успешность формирования коммуникативной, лингвокультурологической и лингвострановедческой компетенции.

В перспективе планируется усовершенствовать уже имеющийся мультимедийное пособие, а также дополнительно разработать серию тренажеров:

Грамматический тренажер, т.е. компьютерную версию обучающего пособия грамматики казахского языка (начальный уровень), Лингвокультурологический тренажер (сборник текстов и видеофильмов) - по этому направлению планируется создать сайт, обучающий иностранцев казахскому языку, с помощью кино. Для этого будут использованы фильмы из Золотого фонда казахского кино. Будет предложен комплекс упражнений к каждому фильму. Главная задача всех тренажеров – тренировка, овладение разными видами речевой деятельности на одном и том же грамматическом и лексическом материале, многократное повторение того же лексико-грамматического материала, что и в основном курсе, в различных ситуациях и контекстах. Система тренажеров помогает иностранным студентам:

- усвоить, закрепить и расширить словарный запас
- научиться узнавать слово по его словоформе

- закрепить в сознании определенную падежную или глагольную форму в связи с определенной ситуацией. А также будут предложены компьютерные логические игры-приложения на примере японского sudoku для развития лексических, грамматических, фонетических навыков инофона. На наш взгляд, на уроках казахского языка как иностранного использование игровых технологий обеспечивает достижение единства эмоционального и рационального в обучении. В сочетании с другими методами и приемами, дополняя традиционные формы, компьютерные «языковые» игры повышают эффективность преподавания, делают учебный процесс более занимательным и насыщенным, способствуют успешному усвоению изученного материала, облегчают преодоление трудностей в учебе.

Несомненным достоинством вышеназванных программ является возможность многократного повторения отдельных фрагментов. Ценно, что с помощью преподавателя учащийся может приостановить презентацию учебного материала в любом месте и просматривать его многократно до полного понимания и усвоения, повторить правила, закрепить их практически, применяя в разных конструкциях.

Планируется разработать видеокурс в соответствии с ситуативно-тематическим и коммуникативным принципами на реальных сюжетах учебной жизни студентов СДУ (около 50 сюжетов). Авторами будут специально подобраны типичные ситуации, актуальные темы для иностранных студентов. Например: «Знакомство с факультетом филологии», на котором учащиеся занимаются в первый год обучения в университете; «Деканат», где турецкие решают свои учебные проблемы (по вопросам сдачи экзаменов и зачетов, оформления документов) с деканом, заместителем декана, старшими преподавателями, куратором; «Общежитие», где студенты общаются с комендантом, вахтером, соседями по комнате, с представителями других стран и культур; «Поликлиника», куда студенты обращаются за помощью врача, медсестры через сотрудников регистратуры.

Структура и содержание видеокурса позволят сформировать коммуникативно-речевые умения иностранных учащихся в слушании и понимании казахской речи, толерантного взаимодействия на казахском языке в полиэтнической среде современного турецкого университета. Диалоги видеокурса будут аутентичны и типичны. Они дадут возможность эффективно познакомиться с реалиями, нормами, правилами, традициями и обычаями учебной жизни вуза, успешно адаптироваться в учебно-административной, социальной сферах.

Весь этот проект, состоящий из 5 блоков:

1. Мультимедийный учебник

2. Грамматический тренажер
3. Лингвокультурологический тренажер
4. Компьютерные логические игры-приложения
5. Ситуативно-тематический видеокурс, предусматривается использовать на интерактивной доске и мобильном устройстве. Поэтому он будет реализован совместно со студентами кафедры Программного обеспечения инженерного факультета СДУ

Таковы преспективы дальнейшей разработки проблем связанных с обучением иностранных граждан, в частности турецких студентов СДУ казахскому языку на начальном этапе.

Обучение языку как иностранному, с применением компьютерных средств относится к классу инновационных методов, использование различных структур предполагаемого мультимедийного учебного комплекса позволяет создать систему интенсивного обучения, когда инофону предоставляется возможность выбора подходящей ему программы и технологии обучения, т.е. система адаптируется под индивидуальные возможности обучающего.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Мартиросян Н.В. (2002) О некоторых инновационных технологиях в преподавании русского языка как иностранного. Москва: Книга 1, МГТУ «МАМИ», 2010 г., 575 с..
- [2] Нуржанова А.Б. «Қазақ тілі» (қарапайым деңгей). Алматы, «Таңбалы», 2014

REFERENCES

- [1] Martirosyan N.V.(2002) O nekotoryh innovacionnyh tehnologiyah v prepodovanii russkogo yazıka kak inostrannogo. Moskva: Kniga 1, MGТУ "MAMI", 2010g., 575. S.
- [2] Nurzhanova A.B. "Qazaq tili" (qarapayım de(gey).Almati,"Ta(balı", 2014.

Ақпараттық-инновациялық технологиялар негізінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту

А.Б. Нұржанова

aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz,

Сулейман Демирель университеті, Қаскелең, Қазақстан)

Тірек сөздер: қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту, электрондық оқыту құралдары, оқытудың инновациялық әдісі.

Аннотация Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда мультимедиялық оқу құралын пайдалану тәжірибесі сөз етіледі. Бұл мультимедиялық оқу құралын қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың қарапайым деңгейінде пайдалануға болады.

Поступила 02.02.2015 г.

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 300 (2015), 209 – 217

UDK 327.(331.56)+65.125.31

**World experience of fight against poverty:
on the example of Chile, Germany, Sweden****Zhanakova N., Babazhanova Zh.**

nazikzhan@mail.ru

Babazhanova_zh@mail.ru

¹Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Astana, Kazakhstan**Key words:** poverty, fight against poverty, world experience.

Abstract. The aim of work is a study of world experience of fight against poverty on the example of such countries, as Chile, Germany, Sweden. Methodology of work was made by the methods of empiric research, supervision, comparative method, principles of historical and logical cognition. Result of the work was a conclusion that for the decline of level of poverty investments in a human capital are needed, as well as the development of methods of estimation of their efficiency. The author grounds, that for every country the methodology of going is specific near a fight against poverty.

An application of the results got the author of the article domain is perfection of methods of fight against poverty. The conclusions can be used in the process of teaching on the economic faculties of disciplines of economic cycle.

УДК 327.(331.56)+65.125.31

**Кедейлікпен күрестегі әлемдік саясат:
Чили, Германия, Швеция тәжірибесі****Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А.**

nazikzhan@mail.ru

Babazhanova_zh@mail.ru

¹Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы**Кілт сөздер:** кедейшілік, кедейлікпен күрес, әлемдік саясат.

Аннотация. Жұмыстың мақсаты Чили, Германия, Швеция сияқты елдердің мысалында кедейлікпен күресудің әлемдік тәжірибесін зерделеу болып табылады. Жұмыстың әдістемесін эмпирикалық зерттеулер әдістері, бақылау, салыстырмалы әдістер, тарихи және логикалық таным қағидалары құраған. Кедейлік деңгейін төмендету үшін адам капиталына инвестициялық салымдар қажеттігі, сондай-ақ, олардың тиімділігін бағалау әдістерін әзірлеу қажеттігі туралы қорытынды жұмыстың нәтижесі болып табылады. Автор, әр ел үшін кедейлікпен күресудің өзіндік өзгеше тәсілі болатындығын негіздеуде.

Мақала авторының қол жеткізген нәтижелерін қолдану аумағы кедейлікпен күресу әдістерін жетілдіру болып табылады. Автордың қорытындылары экономикалық факультеттерде экономикалық пәндерді оқыту барысында пайдалануға жарамды.

Кез келген экономикалық жүйелермен қатар жүретін құбылыс ретінде – кедейлік, даму деңгейіне қатысы жоқ әлемнің барлық елдерінде болған және қазір де бар. Кедейлік адамдардың тұрмыс деңгейіне ғана емес, сонымен бірге, қоғам өмірінің әлеуметтік және саяси салаларына да әсерін тигізеді, көптеген жағдайларда ол қылмыстың өсуі мен әлеуметтік жағдайлардың туындауына себеп болады. Соның салдары ретінде, кедейліктің ауқымын азайту міндеті бүкіл әлемдік қоғамдастықтың алдында тұр.

Қай мемлекетте болмасын кедейлікпен күрестің өзіндік жолдары бар. Міне, осындай бірнеше мемлекеттердің тәжірибелеріне шолу жасап көрерлік:

Чилидегі кедейлікпен күрес бойынша әлеуметтік саясат. Кедейлікпен күрестің чилилік дәстүрі елдің мәдени және саяси дамуының ерекшеліктерімен байланысты. Барлық тарихи төңкерістерге қарамастан, билік басындағылардың қоғамның игілігі мен гүлденуі үшін жауапкершілік идеясы негізгі күш болды.

Кедейлікпен күрестегі басты мәселе постпиночеталық кезеңдегі (1990 ж. бастап) Чили үкіметі қандай жетістікке жетті. Қазіргі кезде кедейлікті жеңу бойынша Чили моделі ең қатаң, сонымен қатар сәтті әрі тиімді болып табылады, бұл басқа елдер үшін үлгі бола алады.

Аугусто Пиночетаның билігінің аяқталуы мен демократизация процесінің даму кезеңінде тек саяси ғана емес, әлеуметтік проблемалар да маңызды болды. Бірінші демократиялық үкіметті демократиялық партиялардың коалициясының («Консертасьон») көрнекті өкілі, Христиандық демократиялық партияның лидері Патрисио Эйлвин (1990-1994) басқарды. Одан кейін Христиан демократ Эдуардо Фрей Руис-Тагле (1994-2000) болды. Бұл үкіметтердің алдында маңызды міндеттер тұрды: демократизация процесінің сәттілігі. Чилиде 90-жылдардың басында маңызды мәселе жаппай кедейшілік болды [1].

Әскери үкіметпен жүргізілген қатаң неолиберальді реформалар (1973-1989) қоғамның тек экономикалық емес, әлеуметтік сферасын да өзгертті. Еңбек қатынастары, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек аймағында мемлекет өзінің реттеуші рөлінен толығымен айрылды, ол орнын жеке фондтар мен басқарудың децентрализацияланған жүйесіне берді.

80-жылдардың соңында Чили кедейшілік пен әлеуметтік теңсіздіктің жоғары деңгейлі елдерінің бірі болды. 1990 ж. кедейшілік шегінде өмір сүретін халық 38,6 % құрады. Әлеуметтік теңсіздік деңгейі бойынша Чили әлемде 54-орында болды. Осылайша, 1989-1990 жж. макроэкономикалық дамудың тұрақты белгілеріне қарамастан, елдің халқының тең жартысы неолиберальді реформалардан ұтылып, құрып, біту қаупіне ұшырады [1].

Демократизация кезеңінің басында қоғамның бір бөлігі, әрине, жаңа үкіметтен, ең алдымен, өзінің экономикалық жағдайының жақсаруы мен нарықтық қайта-құрулардың қымбатқа түскен әлеуметтік бағасының компенсациялануын күтті. Сонымен қатар кәсіпкерлер ортасы, бизнеспен байланысты жаңа орта тап Пиночета кезінде басталған неолиберальді бағыттың жалғасуын талап етті. Мықты экономикалық ресурсқа, ықпалды саяси күштер мен армияның қолдауына сүйенетін бизнес-элитаның қатаң ұстанымдары қандай да болсын әлеуметтік бастамаларға айтарлықтай бөгет болды. Кедейшілікті жеңудегі саясаттың жүзеге асуы қоғамның жоғары қабаттарының алдындағы белгілі бір идеологиялық негізсіз мүмкін емес еді.

Осы жағдайда «Консертасьон» үкіметі өзінің «нарықтық қоғам емес, нарықтық реформалар» идеологиясын ұсынды, яғни экономикалық дамуға зиян келтірмеу. Бизнеске әскерилер үкіметі кезінде орнатылған ойын ережелерінің сақталуына кепілдік берілді. Президент Эйлвинмен басқарылған 1990-1994 жж. өтпелі үкімет елдегі ауыр жағдайды нақты бір класқа емес, жалпы қоғамға және әлеуметтік қатынастарды үйлесімдікке жеткізуге мүдделі саяси элитаға жүктеді. Эйлвиннің пікірінше, аса әлеуметтік теңсіздік – бұл жалпы қоғамның жетілмегендігі, артта қалушылығы, және модернизация мен демократизацияның негізгі тежеушісіне айналуы мүмкін. Осылайша, ешбір саяси немесе әлеуметтік топ неолиберальді реформаның нәтижелерінде кінәланбады.

Эйлвиннің үкіметі саяси элиталар мен қоғамның түрлі қабаттарының өзара жауапкершілігі мен ынтымақтастық этикасынан шыға келе, кедейшілік проблемасы стратегиялық нысан деп анықталды. Оның ең маңызды жетістігі салықтық реформа жүргізу болды (1990 ж.), оның нәтижесінде бюджеттік түсімдер ЖІӨ-нің 2 %-на тең келетін сомаға көбейді (жылына 700 млн. доллар). Бұл экономикалық ресурс кедей қабаттардың өмір деңгейін біртіндеп көтеруге, абсолютті кедейшілікті жеңуге жол ашты. Эйлвиннің үкіметі өтпелі болды, оның негізгі міндеті саяси болды – азаматтық конфронтацияға жол бермеу және саяси компромисс іздеу. Бұл жылдары көптеген әлеуметтік бағдарламалар басталды, бірақ оларды жүзеге асыру мен әлеуметтік сфераға капитал салудың қарқынды өсуі 90 жылдардың ортасына, Эйлвиннің президенттік құзыреті аяқталғанда келді [1].

Кедейлікпен күрес бағдарламасы Э. Фрей Руис-Тагленің президенттілігінің басында бекітілді. Ол үкіметтік комиссиялардың, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдардың көптеген әлеуметтік инициативалары мен ұсыныстарына негізделіп, бірнеше базалық бағыттардан тұрды:

- елдің барлық халқын өмірлік маңызды қызметтермен қамтамасыз ету – ауыз су, электроэнергия, канализация мен телефон байланысы;
- елдің алшақ аудандарындағы жан-жақты инфрақұрылымды құру, ауылдық жерлерде білім беру, медицина мекемелерінің, жол құрылысы, қала орталықтарынан оқшаулануды жою;
- кедей аудандардың муниципалитеттерінің инициативасы мен дербестігін дамыту;
- аса кедейшілік жағдайындағы үй шаруашылықтарының басшылары - әйелдерді қорғау бойынша арнайы бағдарламалар құру;
- кедей отбасыларына әлеуметтік бағдарламалар жұмысына енуіне көмектесетін құқықтық көмек жүйесін құру;
- жергілікті жерде бағдарламалардың жүзеге асуына жауапты басқарушы кадрлардың жауапкершілігі мен профессионализмін көтеру.

Белгіленген әлеуметтік саясатты жүзеге асыру капитал салымдарын ұлғайтуды көздеді. 1990-2000 жж. бойы әлеуметтік сфераға мемлекеттің шығындары үнемі өсіп отырды. 90 жылдардың басында олар ЖІӨ-нің шамамен 12,5 %-н құрады, 1996-1997 жж. – 13 %, ал 2000 ж. – 15,6 % [1].

Мемлекеттің күш салуы бірқатар приоритетті бағыттарда шоғырланды – білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау. Мемлекеттің барлық әлеуметтік шығындарының ішінде білім беруге шығындардың үлесі 20-дан 26% өсті, ал денсаулық сақтауда – 15-тен 18% [1].

Білім беру жүйесін жетілдіру кедей қабаттарға, оның қол жетімділігін көтеру кедейшілікпен күрестегі саясатта әрқашан үлкен рөл атқарды. Кедей қабаттан шыққан балалар үшін мектептің мәдени және психологиялық орталық болғандықтан, Эйлвин үкіметі муниципалды мектептердің білім беру деңгейін көтеріп қана қоймай, бүкіл мектеп өмірінің жүйесін сапалы өзгертуді көздеді – баланың мектепте өткізетін уақытын ұзарту, тамақтануды жақсарту, мұғалімдердің кәсіби дайындығын көтеру, жас әрі квалификацияланған мамандарды тарту. Осыған байланысты 1990 ж. Р-900 атты арнайы ұзақ мерзімді бағдарлама енгізілді, ол жылына 900 сәтсіз мектептерді, негізінен кедей аудандарының мектептерін қамтыды. Ақшалай субсидиялар мен мұғалімдер үшін квалификациясын жоғарлату курстарынан басқа қазіргі заманғы құралдар, оқулықтар мен әдістемелік-оқулықтар, жаңа мамандар бағытталып, білім сапасы қадағаланды. Бұл шаралар бағдарламаға қатысқан көптеген мектептердің жағдайын жақсартты.

Р-900 бағдарламасын жүзеге асыру үкіметтің жалпы мектептік білімнің қол жетімділігі проблемасына қатынасын сипаттайды. «Шағын істер» тәжірибесінің артында әлеуметтік теңсіздік салдарына да көңіл бөлініп отырды, яғни жоғары, орта және төменгі қабаттардың өкілдерінің әртүрлі мүмкіншіліктеріне қарай бағытталды. Осы мүмкіншіліктерді теңестіру білім беру аймағындағы мемлекеттің стратегиясының басты мақсатына айналды.

Денсаулық сақтау жүйесін жақсартуда негізгі екпін тең мүмкіншіліктерге қол жеткізуге, халықтың кедей қабаттарына медициналық қызмет көрсету деңгейін көтеруге жасалынды. 1981 жылдан кейін Чилиде бұл жүйе мемлекеттік және жеке қорлардан қаржыланатын болды және қызметтің сапасы мен көлемі төленген ақыға тікелей байланысты болды. Үкіметпен мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайтуды, аз қамтылған қабаттарға медициналық қызметтің қол жетімді болуы үшін шаралар жасалынғанымен, жалпы алғанда денсаулық сақтау жүйесі тиімді әрі қазіргі заманғы болды, бірақ халыққа қызмет көрсетуде әлеуметтік бағытталуынан мәңгіге айрылды.

Әлеуметтік қорғау мен зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінде әскери тәртіп жылдары басталғанда қайта-құрулар жалғасты. Оның мәні, бір жағынан, мемлекеттік көмекті барынша дифференциациялау, яғни жалпы мемлекеттік қамқорлықты жойып, ең мұқтаж категорияларды анықтау, екінші жағынан – кедейліктен шығуға ұмтылатын әр адамның талпынысын қолпаштап отыру. Анығы, мұнда еңбек нарығына толық қатысатын топтар ұтты, яғни ресми, тұрақты жұмысы бар және салық төлеп отыратын. Сонымен қатар осы жылдар бойында кедей халықты әлеуметтік қорғаудың құралы мемлекеттің ақшалай субсидиялары болды – қосымша субсидиялар, қайыршылық жағдайындағы жәрдемақы, отбасылық жәрдемақылар, өмір сүруде қажетті түрлі қызметтер үшін басқа да төлемақылар.

Чили социологтары осы шаралардың ойластырылғандығы мен маңыздылығын атап өтуде, олар 2000 жылы кедей қабаттың отбасы табысының 8,6 %-н құраған. Сонымен қатар тікелей ақшалай көмекпен қатар, қызмет көрсету мен жеңілдіктер түріндегі мақсаттық әлеуметтік көмектің маңызы зор болды (білім беруде, денсаулық сақтауда, арзан баспанада). «Жеңілдіктер мен

қызметтер» түріндегі жәрдемақылар 2000 ж. кедей отбасының бюджетінің шамамен 37,2 %-н құрап, қоғамдағы теңсіздікті азайтудың маңызды элементі болды. Ал жоғарғы бай қабаттардың 20 %-ы үлесіне аталған жеңілдіктердің 0,2 %-ы келді. Осылайша, атаулы, нақты мақсатқа бағытталған әлеуметтік көмек әлеуметтік теңсіздікті жоюда тиімділігін көрсетті [1].

Чилидегі кедейшілікпен күрестегі іс-әрекеттің нәтижелері мен бағыттарын саралайтын болсақ, 90 жылдан бері әлеуметтік саясаттың қалыптасуындағы бірқатар факторларды бөліп көрсетуге болады.

Ең алдымен, Чили тәжірибесі әлеуметтік бағдарламаларды құру мен тиімділігіне жауапкершілік – саяси элита мен мемлекеттік институттарға жүктелген. 90 жылдары белгіленген жоспарларда олар әлеуметтік саясаттың негізгі инициаторлары мен агенттеріне айналды. Элита кедейшіліктің алдын алу міндетін қойды, өзіне реформаның барысы мен нәтижесі үшін жауапкершілікті, әлеуметтік-саяси қатынастарды гармонизациялауды жүктеді.

Саяси элитаның дүниетанымы мен психологиясы, кедейшілік пен артта қалушылықты антимодернизаторлық құбылыс ретінде қабылдап, сәйкес әлеуметтік саясатты қалыптастырып, жүзеге асуына ат салысуы. Элитаның психологиясы белгілі бір-екі жыл ішінде қалыптаспайды, мұнда жылдар бойы қалыптасқан тарихи дәстүрдің маңызы зор, Чилиде бұл дәстүр билік басындағы топтың ерекше рөлі туралы көзқарасқа негізделді.

Сонымен қатар, үкіметтік шараларды құрудан бөлек, кедейшілікті және әсіресе, әлеуметтік теңсіздіктің психологиялық салдарын жеңуде азаматтық қоғамның түрлі ұйымдары үлкен рөл атқарды. Азаматтық қоғамы жақсы дамыған елдерде – Чили олардың қатарына кіреді, өз аудандарының тұрғындарына тұрмыстық, шаруашылық, психологиялық мәселелерді шешуде белсенді атсалысады. Осы ұйымдардың мемлекеттік мекемелермен барлық деңгейдегі өзара әрекеттестігі әлеуметтік бағдарламалардың сәтті жүргізілуінің қажетті шарты болып табылады [1].

Германия. Қор жинау, пайда табу, үздіксіз байып отыру өндіріс құралдары иелерінің – капиталисттердің басты мақсаты болып қала береді. Алайда XX ғасырдың басында үкіметте, кейіннен мемлекеттің билік басында социал-демократиялық, социалистік және басқа да оппозициялық күштердің өкілдері пайда болғаннан кейін баю мүмкіндіктері шектеле берді. Бұл әсіресе олардың билік басына келіп, еңбекші қауымның өмірін жақсарту үшін ірі әлеуметтік шараларды жүзеге асыра бастағанда байқала бастады. КСРО-ның, кейіннен социалистік жүйенің пайда болуынан кейін капиталисттер де жұмысшылардың жағдайына қамқорлық көрсете бастады, осы арқылы істі социалистік революцияға дейін жеткізбеуге мәжбүр болды.

Еуропа елдерінде буржуазиялық қоғамның нарықтық шаруашылық жағдайындағы адамдардың өмірін жақсартудың едәуір тәжірибесі жинақталған. Біздің елдің ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік мемлекет қалыптастыру процесінде көп жақтарын пайдаланып көруге болады.

ФГР-дің екінші канцлері, ғалым әрі саясаткер Людвиг Эрхард (1897-1977) өткен ғасырдың 50-60 жж. Батыс Германияда елдің әлеуметтік-экономикалық өмірін түбегейлі өзгерткен кең ауқымды экономикалық реформа жүргізген. Эрхардтың теориялық көзқарастары ресми мемлекеттік доктрина дәрежесіне дейін қойылған және экономикалық бағдарламаның негізі болып саналған «әлеуметтік нарықтық шаруашылық» теориясына негізделді. Эрхардтың пікірі бойынша, әлеуметтік нарықтық шаруашылық бастапқы кезден-ақ тек теория ғана емес, елдің келбетін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік берген практикалық әдіс те болды.

«Әлеуметтік нарықтық шаруашылық» концепциясы өзінің теориялық ұстанымдары бойынша жанама реттеудің кейнсиандық теориясына жақын болды. 50-60 жылдары Еуропада ағылшын экономисті Дж.М. Кейнспен (1883-1946) ұсынылған және ізбасарларымен жетілдірілген шаруашылық саясаты тараған болатын [2].

«Әлеуметтік нарықтық шаруашылық» идеологиясы Эрхардпен «қалыптасқан қоғам» концепциясын негіздеу үшін қолданылды, ал оның мақсаты ретінде қарама-қайшы қоғамдық мүдделердің плюрализмін жаппай игіліктің ортақ шешіміне әкелу арқылы жену жарияланды. Эрхард нарықтың әлеуметтік бағыттылығы принципін негізделген толыққанды экономикалық реформаны жүзеге асырды, бұл реформа ең алдымен қоғамдық басымдықтарды таңдау, іс-әрекеттің белгілі бір сфералары мен бағыттарын мақсатты түрде қолдап отыруды көздеді.

Эрхард экономикалық прогресс болмай, ешқандай әлеуметтік дамудың болуы мүмкін емес деп тұжырымдаған. Екпін өнімді қайта таратуға емес, өндірісті дамытуға (шаруашылық

экспансиясына), барлық еңбек етушілерге еңбек өнімділігінің өсіміне сәйкес үнемі жалақыны көтеріп отыруды қамтамасыз етуге жасалынды.

Эрхардтың реформаларының барысында бағаларда төмендету жалақыны көтерумен қатар жүрді. Бағаларды тұрақтандыруға деген ұмтылыс орнықты бағалардан тізімін мерзімді басылымдарда жариялап отыруда көрініс тапты. Өз бетімен (келісімсіз) бағаларды көтеруге қарсы заң қабылданды. Эрхард экспортты үш есе ұлғайта алды. Оның бағалауы бойынша, әлемдік рыноктағы жағдайды тек валютаның тұрақтылығын қамтамасыз еткен жағдай да ғана бекітуге болады.

Әлеуметтік нарықтық шаруашылық, Эрхардтың пікірі бойынша, салық ауыртпалығын жұмсарту, жаңа қызметкерлерді алуға тыйым салу, жалақыны көтеру, қызметтік сапарларды азайту, жүйелі түрде шығындарды қысқырту арқылы мемлекеттік бюджетті тәртіпке келтіруіс іске аспай қалады. Ол ең алдымен ұсынылатын тауарлардың сапасын әрқашан жақсарту арқылы номиналды табыстарды ұлғайтуды көздеді. Төмен салық, антитресттік және антижазалаушы заңдар, еркін жеке инвестиция салу үшін жеңілдіктер, сыртқы бәсекелестерден ішкі нарықты қорғау – осы және басқа да көптеген шаралар азаматтардың еркіндігі мен қорғалғандығын қамтамасыз етіп, «экономикалық ғажап» жасады [2].

Әлеуметтік бағытталған нарықтың салыстырмалы түрде дербес элементі тиімді жұмысбастылық жүйесін құру болды, жұмыс орындарының санын ұлғайту мен жұмыссыздықты азайту бойынша оң шаралар қабылданды. Нарықтың әлеуметтік бағытталғандығы өзінің механизміне халықты әлеуметтік қорғаудың арнайы жүйесін ендіруді талап етті. Эрхардтың пікірі бойынша, әлеуметтік саясат – бұл миллионерлердің мүддесіне арналған саясат емес, миллиондағандар үшін саясат.

Оның ең маңызды аспектісі салық саясаты болды: қоғамның барлық аз қамтылған қабаттарын салық салудан босату, жанама салықтарды көтеруден бас тарту, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды ауқатты азаматтарды кейбір субсидиялардан айыру мен жоғары салық салу есебінен жүзеге асыру. Реформа барысында зейнетақы мен басқа да мемлекеттік жәрдемақылар бірнеше есе көбейді.

Нарықтың әлеуметтік бағыттылығы қоғамның барлық сфераларының, ең алдымен оның экономикалық негізін мемлекеттік реттеуді күшейтуді қарастырды. Эрхард қоғамды қалыптастыра алатын, «конституциялайтын», «басқаратын» және «реттейтін» күш ретіндегі қуатты мемлекет идеясын ұстанды. Іс жүзіне келгенде де, мемлекет Эрхард тұсында «әлеуметтік нарықтық шаруашылықты» қалыптастыруға нақты бағыт алған әлеуметтік-экономикалық процеске белсенді әрі мақсатты түрде араласып отырды.

Дәл Эрхард тұсында ғылыми айналымға монетаристік типтегі мемлекетке қарама-қарсы «әлеуметтік мемлекет» термині енді.

Монетаризмнің мәні – мемлекеттік басқарудан бас тартып, нарықтық конъюктураны орнатқан кезде халықтың жұмысбастылығы мен бағалардың тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Монетаризм әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік жүйесіне, мемлекеттік медициналық көмек пен білім беруге, стихиялық нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуына қарсы шығады. Монетаризмге қарағанда әлеуметтік мемлекет қоғамдық процестерді, соның ішінде нарықты реттеп отырады; барша халықтың мүддесі үшін әлеуметтік саясат жүргізеді. Әлеуметтік мемлекет барлық жұмысшыларға жақсы өмір сүруге қол жеткізуіне, ұжымдық іс-әрекеттер арқылы әл-ауқаттылық пен еңбек жағдайларын жақсартуға құқық береді. Бұл халық ауқаттылығын жаппай көтерудің факторы болып табылады.

Эрхардтың тұсында жан-жақты әрі өзара байланысқан әлеуметтік-экономикалық, валюталық-қаржылық, ғылыми-техникалық, инвестициялық және экономикалық саясат арқылы мемлекеттің нарықтың қызмет ету механизміне ықпалы күшейді. Директивті нақты көрсеткіштердің орнына белгілі бір индикативті көрсеткіштерді орнатуды қарастыратын индикативті жоспарлау тәжірибеге енгізілді.

Индикативті жоспарлар көп жағдайда баспа беттерінде ешкімді ешнәрсеге міндеттемейтін көрсеткіштердің жиынтығы ретінде баяндалады. Осылайша, еріксіз негізі жоқ «классикалық» формуласы туындайды, яғни барлық директивті емес жоспарлар – бұл «болжам-жоспарлары», «бал ашу-жоспарлары». Дегенмен, ФГР-дағы индикативті жоспарлар, бұрынғы КСРО-дағы директивті жоспарлардан жалпы алғанда жақсы орындалды. Индикативті жоспарлардың жоғары

тиімділігі бірқатар факторлармен анықталынды, ең алдымен оларды орындау кезінде мықты экономикалық, құқықтық, әкімшіліктік инструментарий іске асырылды. Соғыспен әлсіреген ФГР-ның 60 ж. соңына қарай АҚШ-пен тең дәрежеде бәсекелесе алуы, көп жағдайда сәтті индикативті жоспарлаумен түсіндіріледі. Бұл сәттіліктің негізін келесідей факторлар құрады:

- әлемдік экономикалық ғылымның түгел жетістігін қолданған, жоспарлауды құраушылардың жоғары квалификациясы;

- осы жоспарларды жүзеге асыру кезіндегі инструментарий мен әдістердің әртүрлілігі, қандайда да болсын догматизм мен ынғайлардың тарлылығының жоқтығы;

- кәсіби мемлекеттік аппараттың табандылығы мен бірізділігі, саяси тұрақтылық сақталмаған жағдайларда да, ол қабылданған бағдарламаларды жүзеге асыруда келенсіздіктерге жол бермеді;

- жақындағы және алшақтағы перспективаларға әлеуметтік-экономикалық дамудың басты мақсаттарына кең ауқымды ұлттық келісімді жасап шығару;

- біртіндеп таптық конфронтацияны әлсіретіп отырған әлеуметтік серіктестік атмосферасы, жұмысбастылық, еңбек жағдайы мен табыстар аймағындағы саясаттағы келісімдерсіз елде индикативті жоспарлаудың негізін бұзушы жаппай бас көтерулер жалғасушы еді.

ФГР-дағы әлеуметтік бағытталған нарыққа өту тек шаруашылық жүргізудің формаларын өзгертуге ғана емес, сонымен қатар бірқатар әлеуметтік-мәдени проблемаларды шешумен де байланысты болды: миллиондаған адамдардың өмір сүру образын, мінез-құлық пен ойлау ерекшеліктерін өзгерту.

ФГР-дағы реформаларды зерттеп қарастырған ресей социологтары Эрхардтың реформаторлық қызметін қорытындылай келе, оның мақтан тұтарлық жетістіктерге жеткенін атап өтуде. «Неміс ғажайыбы», ең алдымен, қоғам дамуының әлеуметтік бағытталған моделін дұрыс таңдағандығының арқасында жүзеге асты. Эрхард жүргізген экономикалық реформа экономикалық-саяси мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру процесінде азаматтардың қатысуынсыз, көпшіліктің қатысуынсыз жетістіктерге жетпес еді. Сонымен қатар реформаның сәттілігі Эрхардтың өз елінің ғалымдарының көмегін пайдаланғанына да байланысты болды. Мысалға, мемлекеттік заңға сәйкес, ФГР-ның жалпы экономикалық дамуын бағалау бойынша эксперттік кеңес құрылған, кеңес үкіметтің шаруашылық-саяси шешімдер қабылдауы үшін қажетті бастапқы ұсыныстарды жасап отырған [2].

Көріп отырғанымыздай, ФГР-дағы әлеуметтік мемлекет құру бойынша реформа сәтті жүргізілген, соғыстан кейінгі кезеңде елдің экономикасын, әлеуметтік әл-ауқатын көтеру маңызды басымдыққа айналды. Әрине, соғыстан кейін қандай да болсын елдің басты мақсаты елдің еңсесін көтеру, Кеңес елі де соғыстан кейінгі кезеңде үлкен жетістіктерге жетті. Алайда Кеңес Одағы құрған экономикалық жүйе ұзаққа бармады, 80 жылдары ол құлдырауға ұшырады, керісінше, ФГР қазіргі таңда дамыған елдердің қатарында, экономикалық дамуындағы жетістіктері жоғары, тұрғындарының әл-ауқаты да лайықты дәрежеде.

Швеция. Л. Эрхардтың «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» концепциясының басқа әлеуметтік-демократиялық теоретик, Нобель сыйлығының лауреаты, шведтік социализм моделінің құрушысы Гуннар Мюрдальдің көзқарастарымен ортақ жақтары көп. Социал-демократтар 70 жылдай азаматтарының материалдық және әлеуметтік қамтамасыздығы жоғары деңгейдегі Швецияның билік басында үздіксіз тұрды. Мюрдаль нарықтың әлеуметтік бағыттылығының, әлеуметтік реттелетін экономиканың, әлеуметтік мемлекет пен әлеуметтік серіктестік теориясының ұстанушысы болды [3].

Мемлекеттің реттеуші рөлін атай отырып, Г. Мюрдаль нарықтың бірқалыпсыздығын жеңе алады деп санады. Мемлекеттің араласуы, оның ойынша, бірқалыпсыз (стихиялық) нарықтық шаруашылықты ескі құрылымның қайшылықтары мен кемшіліктерінен айрылған жаңа реттелетін экономикаға өзгертеді. Швециядағы әлеуметтік мемлекеттің айрықша моделі халықтан жиналатын тікелей және жанама салықтардың күрделі жүйесіне негізделді.

Мюрдальдің пікірінше, «әл-ауқаттылық мемлекетіндегі» бастысы – халықты әлеуметтік қорғау, ол бойынша еңбекке қабілетті халық үшін – заңнамалық, экономикалық, әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық кепілдіктер жүйесі, экономиканың тәуелсіздігі мен кәсіпкерлігінің есебінен, өзінің жеке еңбек үлесінің есебінен өзінің әл-ауқатын көтеру үшін теңдей жағдайлар жасау және еңбекке қабілетсіз азаматтар үшін өмір сүруін қамтамасыз етудің белгілі бір деңгейін

жасау. Әлеуметтік қорғауды құру, Мюрдальдің пікірі бойынша, мемлекет қызметінің келесідей бағыттарын қарастыруы керек болды [3]:

- қоғам мүшелеріне жоғары өмір сүру минимумын қамтамасыз ету және объективті себептерге байланысты көмекке зәру адамдарға материалдық көмек көрсету; аз қамтылғандарға жеңілдіктер орнату және оны қажетсінбейтіндерден алып тастау;
- азаматтарға заңға қайшы келмейтін қандай да болсын амалдармен толыққанды өмір сүруі үшін қаражат табуына жағдай жасау;
- азаматтардың білім беруде, медициналық көмекте, т.б. қажеттіліктерінің жоғары деңгейінің өтелуін қамтамасыз ететін жағдай жасау;
- жалданбалы жұмысшылар үшін қолайлы жағдай жасау, оларды нарықтық экономиканың кері әсерлерінен қорғау;
- қоғам мүшелерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- азаматтарды қылмыскерліктен қорғау;
- құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің принциптеріне сәйкес келетін азаматтық және саяси құқықтар мен еркіндіктерді қорғау;
- саяси құғын-сүргіндер мен әкімшілік зарарлардан қорғау;
- қоғам өмірінің барынша тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Әлеуметтік қорғаудың осы шараларын жүзеге асыру үшін адамдардың ұмтылыстарын тәрбиелеу, зерттеу және қалыптастыру керек және бұлар, Г. Мюрдальдың бағалауы бойынша, «шын мәнісінде ең маңызды әлеуметтік құбылыстардың қатарына жатады және олар едәуір дәрежеде тарихты анықтайды» [4].

«Швед моделі» деген ұғым Швецияның әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы ең дамыған мемлекеттердің бірі ретінде қалыптасуымен байланысты туындаған. Ол 60 жылдардың соңында шетелдік бақылаушылар Швеция қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтардың салыстырмалы түрде болмауының аясында тез экономикалық өсудің реформалардың ауқымды саясатымен жақсы сәйкестенуін атап көрсете бастаған кезде пайда болған. Швецияның осындай сәтті әрі алаңсыз бейнесі, әсіресе, сол кездегі дүниежүзіндегі әлеуметтік және саяси конфликтілердің өсу аясында қатты көзге түсті.

Швед моделін анықтаудың тағы бір тәсілі шведтік саясатта екі басым мақсаттың айқын көрінетіндігінен шығады: толық жұмысбастылық және кірістерді теңестіру, бұл экономикалық саясаттың әдістерін де анықтайды. Жоғары дамыған еңбек нарығындағы белсенді саясат және аса үлкен мемлекеттік сектор (бұл жерде ең алдымен мемлекеттік меншік емес, қайта тарату саласы туралы айтылуда) осы саясаттың нәтижелері ретінде қарастырылады.

Швецияға тән арнайы факторлардың қатарына 1814 жылдан бастап сыртқы саяси нейтралитетін, екі бірдей дүниежүзілік соғыстарға қатыспауын, билік басында Социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұзақ уақыт тұруын, жаңа формацияларға өтудің тарихи дәстүрлі бейбіт тәсілдерін, соның ішінде феодализмнен капитализмге өтуі, экономиканың дамуындағы ұзақ уақыт бойындағы қолайлы және тұрақты жағдайлары, осы принциптерді өздерінің капиталмен қатынастарында бекіткен жұмысшылар қозғалысындағы реформизмнің басымдылығын (1938 ж. Сальтшебаденде кәсіби одақтардың басшылары мен кәсіпкерлердің арасындағы келісім болды), әртүрлі жақтардың қызығушылықтарын ескерудің негізінде компромистерді іздеуді жатқызуға болады.

Экономикалық дамуға мәдениет пен тарихи алғышарттар белгілі бір шамада әсер етті. Шведтік дәстүрдің ажырамас белгісі кәсіпкерлік болып табылады. Викингтер кезеңінен бері Швецияда қару-жарақ пен қымбат әшекей бұйымдарды өндіру жөніндегі кәсіпорындар әйгілі болып келеді. Әлемдегі бірінші компания – «Стура Коппарберг» (700 жылдан астам уақыт бұрын негізі қаланған) Швецияда пайда болған және бүгінгі таңға дейін елдің ірі экспортерлерінің қатарына енеді.

Экономикалық жүйенің жақсы қызмет етуі бағалар динамикасына, шведтік өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігіне және экономикалық дамуға тәуелді болып келеді. Әсіресе, инфляция – швед экономикасының теңсіздігіне де, бәсекеге қабілеттілігіне де қауіп төндіреді. Сондықтан, толық жұмысбастылықты қамтамасыз етудің инфляцияға әкеліп соқтырмайтын және экономикаға

кері әсер тигізбейтін әдістері қолданылуы тиіс. Практика көрсеткендей, жұмыссыздық пен инфляцияның арасындағы дилемма шведтік модельдің әлсіз жері болды.

70 жылдардың орта шенінен бастап сыртқы нарықтағы бәсекелестіктің асқынуына және терең экономикалық дағдарысқа байланысты елдің жағдайы күрделене түсті, әрі шведтік үлгінің жолы болмады. Әсіресе, терең құрылымдық дағдарысқа түскен өнеркәсіптің бірнеше саласы өте үлкен шамада мемлекеттік көмек ала бастады. Алайда көптеген экономистердің бұлыңғыр болжамдарына қарамастан, Швеция дағдарыстан шықты. 1983 жылдан бастап жалғасып келе жатқан үзіліссіз экономикалық өсім швед үлгісінің өзгерген жағдайларға бейімделе алғандығын және оның өмірге сай екендігін көрсетті.

Швед үлгісі мына жағдайлардан тұрады: өндірістің орталықтанған нарықтық жүйесі тиімді, мемлекет кәсіпорынның өндірістік іс-әрекетіне араласпайды, ал еңбек нарығындағы белсенді саясат нарықтық экономиканың әлеуметтік шығындарын минимумға келтіруі тиіс. Бұның мағынасы жеке сектор өндірісінің максималды өсуінен және халықтың тұрмыс деңгейін жоғарылату үшін салық жүйесі мен мемлекеттік сектор арқылы кірістердің бір бөлігін мүмкіндігінше қайта таратуынан тұрады, бірақ бұл қайта тарату өндіріс негіздеріне әсер етпеуі қажет. Бұл жерде салмақ инфрақұрылымдық элементтерге және ұжымдық ақшалай қорларға түседі [3].

Қазіргі заманғы түсінікте Швецияның әлеуметтік саясаты XIX ғасырдағы өнеркәсіптің дамуымен бірге дамыды.

XX ғасырдан бастап әлеуметтік саясат басқа елдермен салыстырғанда, көп жағдайда, барлық тұрғындар үшін қалыптастырылды. Мұнда шешуші рөлді 1913 жылы қабылданған жалпыға ортақ халықтық зейнетақыны тағайындау атқарды. Осы кезден бастап экономикалық қаражаттарды бөліп беру сипаты ғана өзгерген. Бастапқыда бұл ең нашар жағдайдағы адамдарға бағытталған қамсыздандыру кепілі болды, («негізгі әлеуметтік қауіпсіздік»), ол біртіндеп қамтамасыздықтың белгілі бір деңгейінің кепіліне айналды. Мұнда «вертикальды» теңестіру емес, яғни байлар мен кедейлердің арасын теңестіру емес, «горизонтальды» теңестіруге (дені сау адам мен ауру адамның арасын, жұмыс істеуші мен жұмыссыздың арасын теңестіруге) ұмтылыс айқын байқалды. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер мен қызмет көрсетулер, табысы мен кәсібіне байланыссыз барлық адамдарға барынша қол жетерліктей болды.

90 жылдары «барлық адамдар үшін әл-ауқаттылық» принципі қоғамдық пікір-талас барысында сынға түсті. Алайда жалпыға ортақ әл-ауқаттылық принципі бүгінгі күнде де кең түрде саяси және қоғамдық қолдауды тауып отыр. Шведтердің түсінігінде осындай жүйе мемлекеттік және коммуналдық (салық) қаражаттар есебінен қаржылануы тиіс [5].

Швецияда мемлекет шығынының 50 % астамын трансферттік төлемдер құрайды, яғни кірістерді жеке меншік секторға (үй шаруашылығы мен кәсіпорындарға) өткізу, соның ішінде зейнетақылар, баспаналық субсидиялар, балаларға төленетін жәрдемақы, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік субсидиялар. Сонымен қатар мұнда мемлекеттік қарыз бойынша проценттерді төлеу кіреді.

Трансферттік төлемдерді есептеуден қалған қаражаттарды мемлекеттік тұтыну мен инвестициялар құрайды. Қалған соманың 90 % жуығы мемлекеттік тұтынуға жұмсалады, соның ішінде 2/3-і денсаулық сақтауға, білім беруге, мемлекеттік әкімшілікке т.б. жұмсалады. Коммуналды шығындардың негізгі бөлігі денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерге, қоршаған ортаны қорғауға (30 %), білім беруге (21 %), электр қуатымен және сумен қамтамасыз етуге (12 %), бос уақыт пен мәдениетке (5 %), көлік пен байланысқа (5 %) келеді [3].

Швециядағы мемлекеттік шығындарды қаржыландыру кешенді түрде жүргізіледі. Мемлекеттік сектордың түрлі бөлімдерінің жеке табыс көздері бар. Сондай-ақ коммуналар, ландстингтер, әлеуметтік сақтандыру секторы дотацияларды, негізінен, орталық үкіметтен алады. Ал орталық үкімет үшін негізгі табыс көзі жанама кірістер болып табылады. 1988 жылы мемлекетке төленген, әлеуметтік сақтандыруға жарналар мен салықтар 340 млрд. кронды немесе орталық үкіметтің барлық табысының 90 % құрды, бұл соманың 50 % жанама салықтар, 15 % әлеуметтік сақтандыруға салықтар құрайды [3].

